МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ
БЕЙНЕУ АУДАНЫ

ТӘЖЕН АУЫЛЫНЫҢ ӘКІМІ

АКИМ СЕЛА ТАЖЕН
БЕЙНЕУСКОГО РАЙОНА

МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

2025 жылғы «13» маусым № 26-нк

Тәжен ауылы

село Тажен

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі Заңының 16-бабы 3 тармағы 28) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министірінің 2024 жылғы 09 қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қағиданың 506 және 508 тармағына сәйкес:

1. Маңғыстау облысындағы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының филиалы 2025 жылға арналған қайта даярлау жоспарына сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кірген мемлекеттік қызметшілеріне арналған қайта даярлау курстарының дәріс сабақтарына қатысу үшін қосымша күн салығынсыз жалпы сомасы 240 600 (екі жүз қырық мың алты жүз) теңгеге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырылсын.

Аталған оқуға «Тәжен ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құжат айналымы және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі бас маманы Қ. Н. Ниязбаев қатыссын.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдары орындалсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды «Тәжен ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің уәкілетті өкілі және жауапты қаржы және қаржылық есептілік жөніндегі әдіскері Г.Бисенбаеваға жүктелсін.

Тәжен ауылының әкімі **А.Жұмаханов**